2026 ЖЫЛЫ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫ АЛДЫНДА ТҰРҒАН АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕРДІ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ІСКЕ АСЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ. 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ 11 МЫҢ ШАҚЫРЫМ ТЕМІР ЖОЛДЫ ЖӨНДЕУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АЯСЫНДА БИЫЛ ЖЕТІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖАҢҒЫРТУ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ АВТОБҰҒАТТАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ, СОНДАЙ-АҚ 1 577 ШАҚЫРЫМ ТЕМІР ЖОЛҒА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖОСПАРЛАНҒАН. СОНЫМЕН ҚАТАР СИГНАЛИЗАЦИЯ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС, ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ.



Сәкен РАХМЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылым жөніндегі Басқарушы директоры – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры


№56 (3203)
24/07/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ


## МАНГИСТАУ – ОПОРА СРЕДНЕГО КОРИДОРА

**В ходе рабочей поездки в Мангистаускую область Премьер-министр РК Олжас Бектенов ознакомился с реализацией инфраструктурных проектов, направленных на развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ) и укрепление транспортно-логистического потенциала страны.**

Развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута остается одним из приоритетов транспортной политики Казахстана. В этом процессе ключевая роль отводится Мангистауской области, где реализуются крупные проекты по развитию портовой и железнодорожной инфраструктуры. За последние три года контейнерный транзит через казахстанские порты вырос в 3,8 раза – до 42 тысяч ДФЭ, а их совокупная пропускная способность достигла 200 тысяч ДФЭ в год, сообщает Primeminister.kz.

Особое внимание в ходе поездки было уделено проекту строительства первой очереди многофункционального терминала в порту Курык. Проект реализуется в рамках договоренностей, достигнутых во время рабочего визита Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в Китай в июле текущего года.

Инвестором выступает Guoyou Materials Group, которая направит на реализацию проекта 470 миллиардов тенге. Проект предусматривает строительство автоматизированного контейнерного терминала, железнодорожной линии с подключением к национальной сети, а также поставку контейнеровозов и паромов.

Пропускная способность первой очереди составит до 15 миллионов тонн грузов в год. Строительные работы запланированы на 2026-2028 годы. Второй этап будет реализован в 2029-2031 годах, а ввод всего комплекса в эксплуатацию намечен на 2032 год. После завершения проекта мощность терминала достигнет 25 миллионов тонн в год с возможностью дальнейшего расширения. В рамках реализации проекта планируется создать до 800 рабочих мест.



Премьер-министру также представили проект строительства современной судостроительной верфи на побережье Каспийского моря стоимостью не менее 125 миллиардов тенге. Предприятие будет выполнять полный цикл работ – от проектирования и строительства гражданских и специализированных судов до их технического обслуживания и капитального ремонта. Производственная мощность составит до 8 новых и 24 ремонтируемых судов ежегодно. После ввода объекта в эксплуатацию будет создано 1,5 тысячи постоянных рабочих мест.

По итогам ознакомления с проектами Олжас Бектенов подчеркнул их стратегическое значение для развития транспортной инфраструктуры страны и дальнейшего укрепления Транскаспийского международного транспортного маршрута.

– Главой государства поставлена задача превратить Казахстан в ключевой транспортный узел Евразии. Мангистауская область должна стать одним из опорных регионов нового этапа развития Казахстана. Рассмотренные сегодня проекты формируют основу – новые промышленные мощности, продуманную транспортно-логистическую систему. Правительство обеспечит необходимую поддержку. Каждый проект должен быть реализован качественно, с соблюдением сроков и конкретным результатом для населения, – отметил Премьер-министр.

По итогам рабочей поездки Олжас Бектенов поручил центральным государственным органам и акимату Мангистауской области обеспечить качественную и своевременную реализацию проектов, уделив особое внимание соблюдению сроков строительства, привлечению инвестиций, локализации производства и созданию новых рабочих мест.

*Айлин БАУРЖАН*

## ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

**Көлік министрлігінде әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылармен өткен жиында жолаушы халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыру жайы сөз болды.**

Негізгі мәселелердің бірі – жолаушылар пойыздарын интернетпен қамтамасыз ету. Бүгінде Қызылорда – Павлодар, Жезқазған – Астана, Астана – Семей, Алматы – Достық және Қызылорда – Көкшетау бағыттарындағы жолаушылар пойыздары интернетпен қамтамасыз етілген.

Спутниктік байланысты пайдалану ұялы байланыс операторларының қамту аймағы жоқ теміржол учаскелерінде де интернетке тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл жолаушыларға мессенджерлерді, әлеуметтік желілерді, жұмыс сервистерін және басқа да онлайн-платформаларды еркін пайдалануға мүмкіндік береді.

Сервиске қосылу үшін жолаушылар пойыздағы Wi-Fi желісін таңдап, авторизациядан өтуі қажет. Осыдан кейін WhatsApp және Telegram мессенджерлері арқылы мәтіндік хабарламаларды тегін алмасу қызметін пайдалана алады. Бұдан бөлек интернет-ресурстарға, әлеуметтік желілерге, бейнесервистерге және жұмысқа арналған қосымшаларға толық қолжетімділік беретін ақылы тарифті рәсімдеуге мүмкіндік бар.

Жиын қорытындысы бойынша тасымалдаушыларға жолаушылар пойыздарын интернетпен жабдықтау жұмыстарын жеделдетіп, ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау тапсырылды.

*Ұлан ОРАЗ*



**Константин ЦОЙ,**
заместитель генерального директора по локомотивному хозяйству – директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»:

**МЫ НЕ ПРОСТО ПРИОБРЕТАЕМ НОВЫЕ ЛОКОМОТИВЫ, НО И СОЗДАЕМ ПОЛНОЦЕННУЮ СИСТЕМУ ИХ ЭКСПЛУАТАЦИИ И ОБСЛУЖИВАНИЯ. ВМЕСТЕ С ПОСТАВКОЙ ТЕХНИКИ РАЗВИВАЕТСЯ СЕРВИСНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА, ОБУЧАЕТСЯ ПЕРСОНАЛ, ФОРМИРУЕТСЯ НЕОБХОДИМЫЙ ЗАПАС КОМПЛЕКТУЮЩИХ. ЭТО ОБЕСПЕЧИВАЕТ НАДЕЖНУЮ РАБОТУ ЛОКОМОТИВОВ НА ПРОТЯЖЕНИИ ВСЕГО ЖИЗНЕННОГО ЦИКЛА**

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ПРИОБРЕТЕТ
**13 000**
ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ ДО 2032 ГОДА.

С НАЧАЛА ГОДА НА СЕТИ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ЗАМЕНЕНО
**466**
СТРЕЛОЧНЫХ ПЕРЕВОДОВ.

В АЛМАТЫ ПОЕЗДАМИ НАЦПЕРЕВОЗЧИКА ПЕРЕВЕЗЕНО БОЛЕЕ
**992 тыс.**
ПАССАЖИРОВ.

### Назардағы нысан

## ШЕТПЕНІҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

**Маңғыстау облысының Шетпе станциясында күрделі жөндеуден соң қайта жаңғырған теміржол вокзалы пайдалануға берілді. Осыдан алпыс жыл бұрын салынған вокзал ғимараты жаңғыртудан кейін бес есе ұлғайып, барлық қауіпсіздік және заманауи стандарттарға сәйкестендірілген.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау



Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде Үкімет пен Көлік министрлігінің және «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен ҚТЖ-ның өз қаражаты есебінен орындалған жұмыс көлемі аса ауқымды болды. Қаңқасынан бастап толықтай қайта салынған Шетпе вокзалын жаңғырту барысында құрылыс монтаж және әрлеу жұмыстарының толық кешені жүргізіліп, инженерлік желілер түгел қайтадан құрылған. Шатыр мен қасбетті жабу, инженерлік желілерді төсеу, ішкі-сыртқы әрлеу және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде вокзал ауданы 200-ден 1000 шаршы метрге дейін ұлғайтылды, оның 500 шаршы метрін жертөледе орналасқан техникалық аумақ алып жатыр. Ғимарат қауіпсіздіктің, энергия тиімділігінің және қолжетімділіктің заманауи талаптарына сәйкес келеді. Сонымен қатар ауданы 2100 шаршы метр жаңа жолаушылар перроны салынған. Қозғалысы шектеулі азаматтарға тактильді тақталар орнатылған. Ғимарат аумағы абаттандырылып, заманауи навигация элементтері қойылған.



Вокзал ғимаратының ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Маңғыстау» филиалының директоры Қарақат Жақанов бастаған билік өкілдері мен теміржол басшылары, ардагерлер қатысты. Құрылыс жұмыстарын жүргізген «Zangar SG» ЖШС өкілі нысанның кілтін табыстап, ардагерлер ақ батасын беріп, ғимараттың есігі халыққа айқара ашылды.

Қонақтар қазақстандық өндірістен шыққан материалдар пайдаланылған, жаңа жиһаз бен заманауи жабдықтар орнатылған су жаңа вокзалды аралап көріп, ғимараттың сапа, қауіпсіздік және қолжетімділік стандарттарына сай жасалғанын атап өтті. Жаңа вокзал ұзақ жылдар бойы халыққа қызмет етіп, әрбір жолаушыға қолайлы жағдай жасайтынына сенім білдірді.

Шетпе вокзалы 1 типті және күн сайын 100-ге жуық жолаушыға қызмет көрсетеді. Станция арқылы Семей, Қарағанды, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау және Орал бағыттары бойынша 16 жолаушылар пойызы қатынайды.

Бұл аптада Шетпеден бөлек Павлодар облысының Қарасор станциясында да жаңа вокзал ашылды. Ескі ғимарат толық жөндеуден өтіп, сумен жабдықтау, кәріз, жылыту, электрмен жабдықтау және байланыс жүйелері жаңартылған. Заманауи желдету және өрт қауіпсіздігі жүйелері орнатылып, қимыл-қозғалысы төмен жолаушылар үшін пандус, тактильді навигация және арнайы күту бөлмесі жабдықталған.

*Суреттерді түсірген автор*

## КАЖДАЯ ТОННА – В ЭКОНОМИКУ СТРАНЫ

**В первом полугодии 2026 года по сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» перевезено 157,1 миллиона тонн грузов, что на 3,5% больше, чем за аналогичный период прошлого года. Рост обеспечен как за счет увеличения внутриреспубликанских перевозок, так и расширения экспортных поставок.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**
Астана

За шесть месяцев внутри страны перевезено 82,2 миллиона тонн грузов. Объем экспортных перевозок достиг 45,6 миллиона тонн, превысив показатель первого полугодия 2025 года на 2,9 миллиона тонн.

Традиционно основную долю в структуре перевозок занимает каменный уголь. С января по июнь по сети ҚТЖ перевезено 51,3 миллиона тонн этого груза, что на 4% больше прошлогоднего уровня. Из них 35,4 миллиона тонн предназначено для внутреннего рынка, еще 15,9 миллиона тонн отправлено на экспорт.

Сохраняется положительная динамика в перевозках зерновых грузов. За первое полугодие железнодорожным транспортом перевезено 7,3 миллиона тонн зерна – на 10% больше, чем годом ранее. Экспорт зерна увеличился на 11%, достигнув 5,6 миллиона тонн.

Высокие темпы роста демонстрируют и перевозки продукции глубокой переработки зерна. Экспорт продуктов перемола составил 1,1 миллиона тонн, что на 20% выше прошлогоднего уровня. Перевозки комбикормов выросли сразу на 51% и достигли двух миллионов тонн.

Положительная динамика отмечена также по другим видам грузов. За январь – июнь перевезено 13,3 миллиона тонн нефтяных грузов, 11,6 миллиона тонн железной руды, 10,4 миллиона тонн цветной руды, 9,1 миллиона тонн строительных материалов и 8,1 миллиона тонн черных металлов. Наиболее высокий прирост зафиксирован в перевозках железной руды (+15,1%) и черных металлов (+8,8%).

Итоги первого полугодия свидетельствуют о сохранении устойчивого спроса на железнодорожные перевозки. Увеличение объемов по ключевым видам грузов отражает активность отечественных предприятий и дальнейшее развитие экспортного потенциала страны.

## ЖОЛ ЖӨНДЕУ КЕСТЕГЕ САЙ

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ теміржол инфрақұрылымын жаңарту жұмыстарын жалғастыруда. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 686 км жол жөндеуден өтті.**

Мамандар жұмыстың кесте бойынша жүріп жатқанын, алда әлі 1 577 км жолды жаңарту жоспарланып отырғанын айтады. Жолдарды жөндеу қозғалыс қауіпсіздігімен қатар пойыздар жылдамдығын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Биыл желінің бірнеше учаскелерінде қозғалыс жылдамдығын «Тальго» вагондары бар пойыздар үшін 400 км жолға, басқа жолаушылар пойыздары үшін – 500 км, контейнерлік және жүк пойыздары үшін 350 км арттыру жоспарлануда.



Жолдың жоғарғы құрылымын жаңғыртуға басымдық беріліп отыр. Мәселен, биыл 268 км жолдағы ағаш шпалдар серпімді бекіткіштері бар темірбетон шпалдарға ауыстырылмақ. Бұл шешім жолды сенімдірек әрі берік етумен қатар жолтабандардың ұзақ сақталуына көмектеседі әрі дірілді азайтып, пойыздардың жайлы қозғалысын қамтамасыз етеді.

Теміржол инфрақұрылымының жай-күйін мамандар қазіргі заманғы функцияларды біріктіретін жол өлшегіш вагондар мен дефектоскоп вагондарының мобильді диагностикалық кешендер көмегімен бақылауда. Олар рельстегі ақауларды тез анықтайды.

Инфрақұрылымды жаңарту бойынша жүйелі жұмыс қазірдің өзінде айтарлықтай нәтиже беруде. 2025 жылы жоспардағы 1 480 км жолдың орнына 1 575 км жол жөнделсе, үш жыл ішінде 2023 жылдан 2025 жылға дейін 4 448 км темір жол жаңартылған, бұл жоспарланған көлемнен 234 км артық. Жүргізілген жұмыстар арқасында теміржол желісінің техникалық жағдайы жақсарып, пойыздардың жүру жылдамдығы жалпы ұзындығы 610 км учаскеде артып отыр.

*Ислам ТАЛҒАТ*
*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

№56 (3203) 24/07/2026

# ӘЙЕЛДЕР ВАГОНЫ ҚОСЫЛАДЫ

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Астана

СЕРВИС

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ алдағы 2 қыркүйектен бастап №81/82 «Нұрлы жол-Орал» бағытындағы Тальго жолаушылар пойызының құрамына әйелдер вагонын енгізеді.**

Бұл шешім аталған қызметке жолаушылар тарапынан сұраныстың жоғары болуына байланысты қабылданып отыр. «Нұрлы жол-Орал» пойызы елорда мен Батыс Қазақстан облысы арасындағы тұрақты теміржол қатынасын қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта пойыз күнара қатынайды: «Нұрлы жол» вокзалынан – жұп күндері сағат 23:55-те жөнеледі; Орал станциясына – жұп күндері сағат 05:20-да келеді; Орал станциясынан – жұп күндері сағат 09:55-те жөнеледі; «Нұрлы жол» вокзалына – тақ күндері сағат 15:04-те келеді.

Осымен әйелдер вагоны қызметі 13 бағытта – Алматы, Маңғыстау, Өскемен, Павлодар, Түркістан, Атырау, Ақтөбе, Шымкент, міне енді Орал бағытына қатынайтын жолаушы пойыздарында қолжетімді. Билеттерді теміржол кассаларынан, әйелдер вагонын таңдағаныңызды хабарлау арқылы, сондай-ақ bilet.railways.kz ресми сайты арқылы онлайн сатып алуға болады. Билет рәсімдеу кезінде әйелдер вагонын білдіретін «ӘЙ» белгісіне назар аудару қажет.

# САПА АРТЫП ОТЫР

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Атырау магистральдық желі бөлімшесі бойынша биылғы жарты жылда жол сапасын орташа бағалау 56 балды құрап, орындалуы 27 балл немесе 220 пайызға жетті.**



Соның ішінде ПЧ-9 – Атырау жол дистанциясы бойынша 37 балл немесе 175 пайыз, ал ПЧ-11 – Құлсары жол дистанциясы бойынша орындалуы 16 балл немесе 265 пайыз. Демек, аймақта жол сапасы жыл сайын жақсарып келе жатқаны байқалады.

Бөлімше басшысының бірінші орынбасары Аманқос Жылқышиевтің айтуынша, биылғы межеленген жұмыстар кезең-кезеңмен атқарылып келеді. Яғни биыл Құлсары жол дистанциясына қарасты Құлсары-Бейнеу учаскесінде, рзд.Майкөмген-рзд467-рзд468 аралығында 29,732 км жолды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қазіргі уақытта толықтай аяқталып отыр. Күрделі жөндеу жұмыстары барысында жолдың ескі темір жолы түгел алынып, орнына су жаңа темірбетонды шпалдар барлық технологиялық талаптар сақталып салынған.

Сондай-ақ жолды орташа жөндеуден өткізу, бұрмаларды ауыстыру және жол бойында малдың шығуына қарсы қоршау тұрғызу жұмыстары қоса жүргізілген. Жарты жылда жоспардағы 9,2 км жолды орташа жөндеуден өткізу бойынша оның 4,534 км орындалды. Атырау және Құлсары жол дистанциялары бойынша барлығы 26 дана бұрма ауыстырылып, 74,6 км жол бойында малдың шығуына қарсы қоршау тұрғызу жұмыстары бойынша 41 шақырымда шұңқыр қазылып, сым тарту үшін 10 шақырымға бағаналар орнатылған. Сонымен қатар бөлімшеде 260 жасанды имарат, яғни 59 көпір, 129 тұрба, 70 су ағатын астау тексеріліп, тазалық жүргізіліп, жай-күйі қадағалануда.

*Суретті түсірген автор*

# ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ТАРТУЫ

**Ардан СЕРДАЛЫ,**
Шалқар

ӘЛЕУМЕТ

**Шалқар қаласында жаңа өнер мектебінің құрылысы аяқталуға жақын. Жоба «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және Wabtec корпорациясының стратегиялық серіктестігі нәтижесінде салынып жатыр.**



Бүгінде Шалқар қаласында бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардағы құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Теміржолшылардың әлеуметтік жауапкершілігі аясында жүзеге асып жатқан өнер мектебі балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын нығайтуға бағытталған. Құрылыс алаңында 50-ден астам маман мен 25 бірлік арнайы техника жұмыс істеуде. Қарқынды кезеңде жұмысшылар саны 150 адамға дейін артады. Жоба – теміржолшылардың өңірдің әлеуметтік дамуына қосқан маңызды үлесінің бірі деп бағалануда.

– Жаңа өнер мектебі пайдалануға берілген соң 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Шалқар теміржол торабы қызметкерлерінің балалары мен аудан жастарына шығармашылық білім алуға қолайлы жағдай жасалады, – деді теміржолшылармен бірге Шалқарды аралаған Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев.

*Суретті түсірген автор*

# Заң мен тәртіп

**Биыл ҚТЖ еліміздің барлық өңірлерінде «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында «Қауіпсіз темір жол» және «Қауіпсіз темір жол өткелі» екі бірдей профилактикалық акция өткізуде. Іс-шаралар темір жолда қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға, өткелдерде ЖКО-ның алдын алуға және көліктің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.**

## «ҚАУІПСІЗ ӨТКЕЛ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ

**Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастамасымен қалалық патрульдік полиция мен көліктегі полиция бөлімінің қатысуымен Тараз қаласындағы көлік ағыны жоғары теміржол өткелдерінде бірлескен рейд ұйымдастырылды. Кезекті профилактикалық іс-шара темір жолдағы жол-көлік оқиғаларының көрсеткішін азайтуға бағытталған.**

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл



Шөлдала мен Құмшағал тұрғын алабының арасын жалғап жатқан күзетілетін теміржол өткелі – күндіз-түні автокөлік ағыны толастамайтын қауіпті аймақтың бірі. Шығыс пен батыстан жүк және жолаушылар пойыздары қатар келіп қалғанда ұзын-сонар көлік кептелісі түзіледі. Мұндайда жүргізушілер арасында жабық тұрған шлагбаумға қарамай, өткелді кесіп өтуге асығатындар аз емес.

– «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында өткен акцияға құқық қорғау саласының мамандарымен бірге, Түлкібас жол дистанциясының бас инженері Шәмшидин Дадабаев, техник-маман Фариза Исабекова қатысты. Рейд кезінде автокөлік иелерімен қатар, өткел кезекшісіне де қауіпсіздік талаптарын түсіндірдік. Ақпараттық түсіндірме қағаздарын тараттық. Жеңіл автокөлік иелерінің жол ережелерін сақтамауының салдарынан теміржол өткелдерінде тіркелген жол-көлік оқиғалары орын алуда. Бүгінге дейін жалпы ел аумағында жиырма шақты осындай факт тіркелген. Жамбыл өңірінде машинистердің қырағылығының арқасында 13 соқтығысудың алдын алуға мүмкіндік болды, – дейді Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастығы Ғалымбек Батырбеков.

Айтуынша, Тараз – Құмшағал, Тараз – Талас, Тараз – Бурыл өткелдерінде автокөлік ағыны өте жоғары. Жеңіл машиналардан басқа бұл жақта қоғамдық көліктер көп қатынайды. Жол қозғалысы қауіпсіздігін сақтамайтындар қатарында бір-бірімен жарысып жүретін автобустар да бар. Ішінде қанша жолаушы бар. Өкінішке орай, жауапкершілікті түсіне бермейтін жүргізушілер де аз емес көрінеді.

Рейд кезінде жол ережелері шлагбаум жабылған сәттегі іс-әрекет алгоритмі, тоқтау сызығының талаптарын бұзып, екінші жолаққа шығып кеткен автокөлік жүргізушілері де кездесті. Тараз станциясындағы Көліктегі полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция аға лейтенанты355Сералы Кембаев жолаушыларға қауіпсіздік талаптарын түсіндіріп, ескерту жасады.

– Жалпы теміржол саласында еңбек етіп келе жатқаныма төрт жылдай болды. Өткел кезекшісі болып ауысқаныма бір жыл толды. Бүгінгі іс-шара кезінде кішігірім сынақ тапсырдым десем болады. Пойыз келе жатқанда шлагбаум жабу, сигналдық белгілерді қосу, рұқсат беру белгісі кезіндегі қозғалыс тәртібі қандай болуы керек, талаптар мен ережелерді егжей-тегжей түсіндірді, – деді Құмшағал өткелінің кезекшісі Самат Әмірбаев.

Өткелдегі жол қозғалысы талаптарын сақтау – екі тарапқа да ортақ міндет. Ал өткел кезекшісі сонымен қатар еңбек қауіпсіздігін де естен шығармауы тиіс.

*Суретті түсірген автор*

## ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕКСЕРІС ЖАЛҒАСУДА

**Маңғыстауда «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Қауіпсіз теміржол өткелі» акциясы жалғасуда. 16-22 шілде аралығына жоспарланған акция аясында сала мамандары теміржол өткелдерін аралап, техникалық жай-күйін тексеріп жатыр.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау



Бүгінге дейін Маңғыстау жол дистанциясына қарасты 34 теміржол өткелінің жартысынан астамы тексерістен өтті.

– ЦРБ Давлетовтың №87 А жеделхатын орындау мақсатында Маңғыстау жол дистанциясына қарасты барлық теміржол өткеліндегі құрылғылардың жұмысқа жарамдылығы бойынша бақылау жұмыстары жүргізіліп, аталған нысандардағы құрылғылардың жұмыс істеу қабілеті тексерілуде. Өткелдердегі қауіпсіздікке сырттан келетін қауіп-қатердің алдын алу бағытында да тиісті шаралар атқарылуда. Шілденің 16-22 аралығында Жаңаөзен қаласы мен Қарақия, Мұнайлы, Маңғыстау аудандарының аумағында осындай профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Жергілікті әкімдіктерге қызметкерлерінің қатысуын және ақпараттық қолдау, тұрғындар мен темір жолға жақын орналасқан мекемелерге түсінік жүргізуі жөнінде хат жолдадық. Жергілікті ішкі істер бөлімдеріне де бірлескен рейд ұйымдастыру туралы хат жолдап, іске кірісіп жатырмыз, – дейді бұл туралы Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Мұхтар Кульчанбаев.

Оның айтуынша, өткелдердегі тексерістер барысында нысандағы автоматты дабыл құрылғыларының жарамдылығы, дыбыстық дабылдың жұмыс қабілеті, байланыс пен радиобайланыстың барлық түрлерінің жарамдылығы, тосқауыл құрылғылары мен автоматты шлагбаумның жай-күйі, өткелдердің жарықтандырылуы, техникалық құжаттаманың болуы, дұрыс жүргізілуі сынды техникалық талаптардың орындалысы мен жұмыс процесі қадағалануда. Сондай-ақ күзетілетін теміржол өткелдерінің ауысым қызметкерлеріне қоршау құрылғыларын пайдалану мәселелері бойынша техникалық сабақтар өткізіліп, стандартты емес жағдайлардағы іс-қимыл тәртібін түсіндіру жоспарланған.

Бүгінге дейін Жаңаөзен қаласы мен Қарақия, Мұнайлы аудандары аумағындағы өткелдерде аталған жұмыстар жүргізілді.

*Суретті түсірген автор*

## ҚАПЕРДЕ ҰСТАЙТЫН ҚАҒИДА

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Жол диагностикасы орталығы» филиалының Ақтөбе өңірлік бас ревизоры Еркінбек Елғондының айтуынша, темір жолдағы қайғылы оқиғалардың басым бөлігі қауіпсіздік талаптарын елемеуден болып отыр.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



– 2026 жылдың басынан бері Ақтөбеде пойыздың адамды қағуымен байланысты екі оқиға тіркеліп, біреуі адам өлімімен аяқталды. Ал 2025 жылы мұндай үш жағдай болып, бір адам көз жұмған. Сондықтан темір жол қауіпті аймақ екенін әрдайым ескеруіміз керек. Пойыз жоғары жылдамдықпен қозғалады және оны бірден тоқтату мүмкін емес. Тіпті машинист шұғыл тежеуді қолданған күннің өзінде жүк немесе жолаушылар пойызының тоқтау жолы 500 метрден 1000 метрге дейін, кейде одан да ұзақ болады. Мұны әрдайым түсіндірумен келеміз, – деді Е.Елғонды.

Бас ревизордың айтуынша, темір жолдағы ең үлкен қауіп – адамның өз мүмкіндігін асыра бағалауы. Үлкен құрам алыстан баяу қозғалып келе жатқандай көрінгенімен, іс жүзінде санаулы секундта жетіп келеді. Сондай-ақ желдің, сыртқы шудың немесе құлаққаптың әсерінен пойыздың дыбысы дер кезінде естілмей қалуы мүмкін.

Осыған байланысты теміржолшылар азаматтарды қарапайым қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Қаперде ұстайтын қағида – темір жолды тек арнайы өткелдермен, көпірлер немесе тоннельдер арқылы кесіп өткен жөн. Өтпес бұрын құлаққапты шешіп, телефонға алаңдамау қажет. Капюшонды да шешкен дұрыс, өйткені ол жан-жақты көруге кедергі келтіреді.

Платформа жиегінде тұру да аса қауіпті. Жоғары жылдамдықпен өткен пойыздың ауа ағыны адамды тепе-теңдігінен тайдырып, рельске қарай тартып кетуі мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік сызығынан асуға болмайды. Сонымен қатар теміржол бойында суретке түсуге, бейне түсіруге, серуендеуге немесе вагондардың астынан еңбектеп өтуге, автотіркегіштің үстінен аттауға қатаң тыйым салынатыны туралы ақпарат әрдайым түсіндіріледі. Бірақ жылжымалы құрамның кез келген сәтте қозғалып кетуі мүмкін екенін қаперінде ұстайтындар аз.

Темір жолдағы қауіпсіздік – әр адамның жеке жауапкершілігі. Бір сәттік немқұрайлылық орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін. Темір жол қателікті кешірмейді.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

**Маңғыстау теміржолының Сайөтес станциясында «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде. Жергілікті теміржолшылар мен желілік полиция қызметкерлері теміржол жолағында мал жаюдың алдын алу бойынша тиісті жұмыстар ұйымдастыруда.**

**Айсұлтан АРМАН,**
Сайөтес

Іс-шара аясында Шетпе және Жармыш ауылдарындағы мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарының иелерімен кездесулер өтті. Темір жол бойында тұратын, мал шаруашылығымен айналысатындар ескеретін ережелер, темір жолдың бөлінген жолағында мал жаюға болмайтыны, қанша қашықтыққа рұқсат етілетіні жан-жақты түсіндірілді. Қараусыз жүрген малдың темір жолға шығып кетуі ауыр зардаптарға, оның ішінде пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, материалдық шығын мен адам өміріне қатер әкелуі мүмкін екені ескертілді.



Жалпы, станцияда теміржол қозғалысына төрт түліктен келетін қауіп-қатердің алдын алу бағытында шаруа қожалықтары иелері, тұрғындарға мұндай профилактикалық жұмыстар ай сайын өткізіледі екен.

– Жыл басынан бері біздің аумақтағы темір жолда сегіз рет мал басу оқиғасы тіркелді. Оның бесеуінің иесі анықталып, әкімшілік хаттама толтырылды. Түсінік жұмыстарын өткен жылғыдан көбейтудің нәтижесінде салыстырмалы деңгейде мал басу жағдайы былтырғыдан екі дерекке азайды. Жалпы, темір жол бойында тұратын әрбір тұрғын өзі үшін де, төрт түлігі үшін де жауапкершілік жүктейтінін естен шығармау керек. Сонымен қатар Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру мақсатында жуырда станцияға келіп-кететін жолаушылар пойыздарында түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Заң мен тәртіп – қоғам қауіпсіздігінің кепілі екенін басшылыққа алып, вагондағы, перрондағы жолаушыларға, тұрғындарға оны бұзудың салдары ескертілді. Сонымен қатар теміржол нысандарында, вагонда күмәнді адамдар мен заттарды байқаса, дереу полиция қызметкерлеріне немесе теміржол қызметкерлеріне хабарлау қажеттілігі айтылды, – дейді Сайөтес станциясындағы желілік полиция бөлімшесі басшысы Нұрлыбек Рахметов.

*Суретті түсірген автор*

№56 (3203) 24/07/2026

## Интервью

# НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ЛОГИСТИКИ

**Сегодня транспортно-логистическая отрасль Казахстана переживает этап активного развития. Расширяются международные транспортные коридоры, реализуются масштабные инфраструктурные проекты, внедряются современные цифровые технологии, растет роль контейнерных перевозок и мультимодальной логистики. О том, какие задачи сегодня стоят перед АО «Кедентранссервис», какие проекты определяют будущее компании и как развивается кадровый потенциал, рассказал генеральный директор АО «Кедентранссервис» Эльнар Джуматаев.**

**– Сегодня Казахстан занимает все более заметное место на карте международной логистики. Какую роль в этих процессах играет АО «Кедентранссервис»?**

– Сегодня логистика перестала быть исключительно транспортной услугой. Она стала инструментом экономического развития, международной кооперации и расширения экспортного потенциала страны.

АО «Кедентранссервис» является одним из ключевых операторов терминальной инфраструктуры Казахстана и активно участвует в формировании современных транспортных коридоров между Китаем, Центральной Азией и Европой. Мы развиваем сеть терминалов, внедряем цифровые решения и создаем комплексные логистические сервисы, которые позволяют нашим клиентам получать полный цикл услуг по принципу «единого окна».

Кроме того, одним из ключевых направлений стала контейнеризация экспортных перевозок агропромышленной продукции. По итогам 2025 года было отправлено свыше 1 000 экспортных контейнерных поездов в Китай. Сегодня АО «Кедентранссервис» является одним из лидеров этого сегмента рынка.



**– Какие направления сегодня демонстрируют наиболее высокую динамику?**

– Прежде всего это экспортные контейнерные перевозки продукции агропромышленного комплекса. За время работы компании в рамках комплексного сервиса в Китай перевезено свыше 3 000 000 тонн сельскохозяйственной продукции.

Мы последовательно создаем для отечественных производителей эффективные логистические решения, позволяющие выходить на новые рынки и расширять экспортные возможности Казахстана.

**– Какие инфраструктурные проекты Вы считаете наиболее значимыми?**

– В 2025 году в рамках госвизита Председателя КНР Си Цзиньпина в Казахстан состоялось техническое открытие терминала Zhetysu на базе грузового терминала АО «Кедентранссервис» в городе Алматы в партнерстве с сухим портом Xi'an Free Trade Port. Новый терминал проектной мощностью 115 тысяч ДФЭ в год станет важным логистическим узлом и позволит существенно повысить эффективность обработки грузов.

– Одним из приоритетных направлений деятельности компании является развитие пропускной способности приграничных станций Достык и Алтынколь, которые играют ключевую роль в обеспечении контейнерных и транзитных перевозок между Китаем, Казахстаном и странами Евразии.

В апреле 2025 года успешно завершена первая фаза проекта, в рамках которой проведена реконструкция перегрузочного места № 4 на станции Достык. Это позволило увеличить его мощность более чем в два раза – со 174 до 365 тысяч ДФЭ в год.

Следующим этапом в 2026-2027 годах планируется реализация второй фазы, включающей реконструкцию перегрузочного места № 7 на станции Достык с проектной мощностью 370 тысяч ДФЭ в год и реконструкцию грузового терминала на станции Алтынколь с увеличением мощности до 480 тысяч ДФЭ в год.

Реализация данных проектов позволит существенно увеличить пропускную способность приграничной инфраструктуры, обеспечить дальнейший рост контейнерных и транзитных перевозок, а также сформировать долгосрочные конкурентные преимущества компании и транспортной системы Республики Казахстан в целом.

**– Какие инвестиционные проекты сегодня находятся в числе приоритетных?**

– Мы реализуем ряд стратегически важных инициатив международного уровня. В текущем году планируется завершить корпоративные процедуры по созданию совместных предприятий в рамках проектов транспортно-логистического комплекса «Есіл» в Астане, Казахстанско-Китайского агрохаба в Кокшетау и Казахстанско-Китайского сухого порта в Чэнду (КНР), а также завершить корпоративные процедуры по вопросу участия в проекте транспортно-логистического комплекса «Тобыл».

**– В последние годы компания активно развивает мультимодальную логистику. Какие результаты уже достигнуты?**

